



Әлібаев Қабидолла Әлиұлы

01.02.1937 жылы Лебяжі ауданы Тілектес ауылында туған. 1957 жылы Павлодар педколледжін (бұрынғы педучилище) бітіріп Тілектес бастауыш мектебінде мұғалім, мектеп меңгерушісі. 1964 жылдың ақпанынан 1964 жылдың сәуіріне дейін Лебяжі оқу бөлімінде мектеп инспекторы, 1964 жылдың қыркүйегінен 1965 жылдың наурызына дейін Лебяжі ауданының партия комитетінің саяси ағарту кабинетінің меңгерушісі. 1965 жылдың наурызынан 1979 жылдың мамырына дейін Шарбақты орта мектебінің директоры қызметін атқарды. 1979 жылы қыркүйегінен 1980 жылдың сәуіріне дейін Қызыл-Әскер ауылдық кеңесінің төрағасы. 1980 жылдың сәуірінен 1998 жылдың қыркүйегіне дейін Лебяжі аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі. 1999 жылдың наурызынан бүгінге дейін Павлодар педколледжін педагогика, психология тәрбие теориясы пәндерінің оқытушысы.

2003 жылы колледждер арасындағы теориялық ілім мен практикалық тәжірибе номинациясының жеңімпазы. 2003 жылы Б. Ахметов атындағы педколледж «Ұстаздық жолының сәттері» атты еңбегін жарыққа шығарды. Қазақ ССР оқу ағарту ісінің озық қызметкері. КСРО оқу ағарту жұмысының үздігі. Екі медаль, бірнеше құрмет грамоталарының иегері. Лебяжі ауданының құрметті азаматы.